

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестіктер торабын қайта ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім министрлігі 22 желтоқсан 1993 ж. N 505 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1995 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 49. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 554 бұйрығымен.

Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіру мақсатында және Қазақстан Республикасының "Жоғары білім туралы" Заңына с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

1. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестіктері туралы (ОӘБ) ереже бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестіктері қайта ұйымдастырылсын және олардың N 2 қосымшаға сәйкес жаңа т і з і м і б е к і т і л с і н .

3. Экономика және қаржы бас басқармасына (Күзембаева А.), оқу әдістемелік бірлестіктердің жұмысын мақсатты түрден қаржыландыру үшін N 2 қосымшада көрсетілген министрлік қарамағындағы жоғары оқу орындарына бөлінетін қаражат, оның ішінде ОӘБ Ережесінде көрсетілген штаттық кестесіне сәйкес ең б е к а қ ы қ о р ы к ө б е й т і л с і н .

4. Қарамағында жоғары оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволардың оқу орындары бас басқармаларына (басқармалары және бөлімдеріне) N 2 қосымшаға сәйкес оқу-әдістемелік бірлестіктер құрылған жоғары оқу орындарына осы бұйрықтың 3 бабына іске асырылуын ұсынады.

5. Жоғары білім бас басқармасына (Мұхаметқалиев Т.М.);

5.1. Оқу-әдістемелік бірлестіктер Кеңестерінің төрағаларының ұсыныстары бойынша оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проекторларды ОӘБ Кеңестерінің төрағаларының орынбасарларын қызметке бекіту ұйымдастырылсын.

5.2. Оқу-әдістемелік бірлестіктердің жұмыстары жайында мәжілістердің жылма-жыл өткізу тәртібі анықталсын.

6. Оқу-әдістемелік бірлестіктер Кеңестерінің төрағаларына:

6.1. Екі апта ішінде, басқарып отырған бірлестікке кіретін жоғары оқу орындарының (факультеттердің, кафедралардың) тізімі келісілсін.

6.2. Білім министрлігіне оқу-әдістемелік бірлестік Кеңесі төрағасының

орынбасарының кандидатурасын және ОӘБ Кеңесінің құрамын бекітуге ұсынсын

7. Білім министрлігінің 10.09.92 ж. N 370, 11.06.92 ж. N 247, 16.06.89 ж. N 364, 28.02.90 ж. N 146, 21.05.90 ж. N 279, 10.12.91 ж. N 479, 19.02.91 ж. N 87, 28.01.92 ж. N 41 бұйрықтарының күштері жойылды деп есептелсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау министрдің орынбасары Е.У.Медеуовке жүктелсін.

Министр

Жобаны ұсынушы:

Келісілген:

Жоғары білім бас басқармасы

Министрдің орынбасары

Экономика және қаржы бас
басқармасы

Заң бөлімі

Б і л і м

м и н и с т р л і г і н і ң

N

5 0 5

2 2 . 1 2 . 9 3

б ұ й р ы ғ ы н а

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестігі туралы

Ереже 1. Жалпы ережелер

1.1. Жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестігі (ОӘБ) Білім министрлігінің жанында құрылған, профессор оқытушылар құрамын, ғалымдар мен халық шаруашылығының мамандарын және де басқа жұмысқа ынталы адамдарды кеңінен тарту жолымен жоғары білімді профессионал дәрежеде басқаруға көмектесетін қоғамдық мемлекеттік ұйым.

1.2. Оқу-әдістемелік бірлестіктің құрамына туыс мамандықтар бойынша білімдік-профессионалдық бағдарламаларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары немесе олардың құрылымдық бөлімдері (факультеттер, кафедралар) кіреді.

ОӘБ-тің құрамына аккредитация жасалған мемлекеттік емес жоғары оқу орындары, сонымен бірге, ассоциациялы мүшесі ретінде басқа мемлекеттердің жоғары оқу орындары және бөтен ұйымдар кіре алады.

ОӘБ-ке кіретін жоғары оқу орындары мен олардың бөлімдері белгіленген бағынысты қатынастарды сақтайды.

1.3. Оқу-әдістемелік бірлестік, әдетте өзінің құрамына кіретін жоғары оқу орындарының бірінің базасында ұйымдастырылады.

ОӘБ-ті құру, өзгерту және тарату, базалық жоғары оқу орнының ведомстволық қарастылығына тәуелсіз басқару органының ұсынысымен Білім

министрлігінің бұйрығымен жүргізіледі.

1.4. Оқу-әдістемелік бірлестік өз жұмысына, жоғары оқу орындары жайлы заңды және нормативті құжаттарды, Ереженің негізінде жасалған, өзінің ОӘБ жайындағы ережені басшылыққа алын жүргізеді.

1.5. Оқу-әдістемелік бірлестіктің өз компетенциясында жататын және осы ережемен анықталатын мәселелер жайындағы шешімдері ұсыныс сипатына болады және тиісті жоғары оқу орындарының ректорларының бұйрықтарымен немесе факультет, кафедра шешімдерімен іске асырылады.

2. Оқу-әдістемелік бірлестіктің негізгі міндеттері:

2.1. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының, ғалымдар мен халық шаруашылығы мамандарының маман дайындау сапасын өсіру мақсатында, жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіру бағытындағы іс-әрекетке координация жасау.

2.2. Еңбек нарығының және ғылыми мен техниканың соңғы уақыттағы даму талаптарына сәйкес тиісті салының мамандарын дайындау және қайта дайындаудың болашақтағы бағыттарын анықтау.

2.3. Қазақстан Республикасында үзіліссіз білімнің біртұтас жүйесін жасау ж ә н е ө н д і р у .

2.4. Жоғары білімнің мемлекеттік стандартын тиісті мамандықтар бойынша квалификациялық сипаттамаларды оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын мамандарды дайындаудың көп деңгейлі құрылымының аясында және үзіліссіз білім жүйесіндегі сабақтылықты сақтау отырып жасау.

2.5. Оқу-әдістемелік саладағы озық тәжірбиені зерделеу және тарату.

2.6. Республика жоғары мектебін дүние жүзілік білім қоғамдастығына қосуға к ө м е к т е с у .

3. Оқу-әдістемелік бірлестіктің функциялары.

ОӘБ өз міндеттерін орындау үшін:

3.1. Мамандықтар мен мамандану номенклатурасы жайында ұсыныстар д а й ы н д а й д ы .

3.2. Жоғары білімнің мемлекеттік стандарттарын, ОӘБ мамандықтары бойынша типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, квалификациялық с и п а т т а м а л а р д ы ж а с а й д ы .

3.3. Кадр дайындау құрылымын жетілдіру, мамандықтар бойынша дайындауды ашу және жабу жайында ұсыныстар жасайды.

3.4. Оқу және әдістемелік әдебиеттерді шығару жоспарларына координация жасайды, авторлық ұжымдарды құру, оқу әдебиетін жасауға конкурстар ұйымдастыру жұмыстарына қатысады. Баспаға дайындалған оқулықтар мен оқу құралдарының қолжазбаларына пікір береді.

ОӘБ грифін беруге, жоғары оқу орындарында шыққан оқулық әдебиеттерді

басқа оқу орындарында пайдалануға ұсыныс жасайды.

3.5. Оқу процесін жетілдіру, озық тәжірибиені тарату жайында ұсыныстар жасайды, жоғары білім проблемалары бойынша конференциялар семинарлар мен кеңестер ұйымдастыруға қатысады.

3.6. Жоғары оқу орындарының қызметкерлері мен халық шаруашылығының мамандарының біліктілігін арттыру және қайта дайындаудың оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға және іске асыруға басшылық жасайды.

3.7. Жоғары оқу орындарын лицензиялауға, аттестациялауға және аккредитациялауға сол сияқты, жоғары білімді дамыту мәселелері бойынша құжаттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қатысады.

3.8. Оқу процесін ұйымдастыру жайында тәжірибе алмасу мақсатымен шет елдердің қоғамдық профессионалды ұйымдарымен байланыс орынатады.

3.9. Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарын мамандармен қамтамасыз ету, әдістемелік, ғылыми және материалдық жабдықтау жайында ұсыныстар жасайды.

4. Оқу-әдістемелік бірлестіктің құрылымы.

4.1. Оқу-әдістемелік бірлестіктің жұмысын, бірлестік құрамына кіретін жоғары оқу орындарының басшыларынан, жетекші профессорлары мен доценттерінен және халық шаруашылығының ірі мамандары мен ғылым академиясының ғалымдарынан тұратын Кеңес басқарады.

ОӘБ Кеңесінің және оның президиумының төрағасы, базасында ОӘБ ұйымдастырылған жоғары оқу орынының ректоры болады.

ОӘБ Кеңесінің құрамын, Кеңес төрағасының ұсынысы бойынша Білім министрлігі бекітеді.

Кеңес пен оның президиумы ОӘБ мәжілісінде бекітілген тәртіппен жұмыс істейді.

ОӘБ Кеңес өз жұмысында Білім министрлігіне есеп береді.

4.2. ОӘБ Кеңесінің жанынан мамандықтар немесе мамандықтар топтамасы бойынша және ОӘБ жұмысының кейбір жекелеген бағыттары бойынша ғылыми-әдістемелік кеңестер, кейбір жекелеген пәндер бойынша ғылыми-әдістемелік комиссиялар құрылуы мүмкін. Жоғары оқу орындарының жетекші оқытушыларынан тұратын ғылыми-әдістемелік кеңестер мен комиссиялардың құрамын және басшыларын ОӘБ Кеңесінің төрағасы бекітеді.

4.3. ОӘБ Кеңесінің төрағасы Кеңес пен оның президиумның жұмысын ұйымдастырады және бағыттайды, Білім министрлігінің құрылымдарында, мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда ОӘБ-тің өкілі болады, салалық министрліктемен, кәсіпорындармен және ұйымдарымен байланыс құрады, ОӘБ-ке кіретін жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамын оқу-әдістемелік бірлестікте, оның кеңестері мен комиссияларында жұмыс істеу

4.4. Базасында оқу-әдістемелік бірлестік құрылған жоғары оқу орындарында ОӘБ жөніндегі проректор - ОӘБ Кеңесінің төрағасының орынбасары қызметі ендіріледі. Оның кандидатурасын жетекші ғылыми-педагогикалық қызметкерлерден базалық жоғары оқу орнының ректорының ОӘБ Кеңесі төрағасының ұсынысы бойынша, жоғары оқу орнының ведомстволық бағыныштылығына тәуелсіз Білім министрлігі бекітеді.

ОӘБ Кеңесі төрағасын орынбасары Кеңес шешімдерін орындау жұмыстарын ұйымдастырды, ОӘБ-тің жұмысын тікелей басқарады.

4.5. Әрбір оқу-әдістемелік бірлестіктің жұмысының істеуін қамтамасыз етеді, ол үшін тиісті базалық жоғары оқу орнында әрбір ОӘБ-ға бір-бірден методист (әдістемеші), машинист қызметтері ендіріледі, ал бір базалық жоғары оқу орнында екі және одан көп ОӘБ құрылатын жағдайда ғылыми-хатшы қызметі де е н г і з і л у і м ү м к і н .

4.6. Оқу-әдістемелік бірлестікке жүктелген функцияларды орындау үшін, оның Кеңесі ОӘБ құрамына кіретін оқу орындарының оқытушылар құрамынан уақытша шығармашылық ұжымдарын, жұмыс топтарын, оқу-әдістемелік орталықтар және де басқа да құрылымдарды құруға құқылы.

4.7. ОӘБ құрамына кіретін жоғары оқу орындарының ректорлары қосымша жұмысқа ақы төлеу, материалдық және моральдық тұрғыдан атап өту, бірлестік тапсырмаларын тыңғылықты істеп жүрген оқытушылардың жүктемесін 30-100 сағатқа кеміту шараларын жасайды. Оқытушылардың ОӘБ-тегі жұмысы оларды аттестациялау кезінде ескеріледі.

5. Оқу-әдістемелік бірлестіктің жұмысын қаржыландыру.

5.1. ОӘБ жұмысын, жоғары оқу орнының бағыныстылығына қарай, жоғары білімді басқару органдары арқылы, соның ішінде базалық оқу орнының еңбекақы фондына мақсатты түрде бөлінген, осы Ережеде белгіленген штат кестесіне сай базалық фондына мақсатты түрде бөлінген, осы Ережеде белгіленген штат кестесіне сай базалық жоғары оқу орнын ұстауға арналған ассигнованияның 0,5 % е с е б і н е н қ а р ж ы л а н а д ы .

5.2. Кеңес және Кеңес президиумының мәжілістерін ұйымдастыруға конференциялар, семиналар өткізуге, оқулықтар мен оқу құралдарын, бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды дайындау және сараптау, оларды басып шығару үшін, ОӘБ өз құрамына кіретін жоғары оқу орындарының басқа да ұйымдардың және жеке адамдардың жылма-жылдық төлемдерінен тұратын фонд құруына болады. Төлемнің мөлшерін ОӘБ Кеңесі анықтайды.

5.3. Фонд қаражаты, ОӘБ Кеңесінің мәжілісінде бекітілген смета бойынша пайдаланылады. Қаражатты жаратуға ОӘБ Кеңесінің президиумы бақылау ж а с а й д ы .

Фондтың жылма-жыл жиналуын және қаражаттың жаратылуын ОӘБ Кеңесінің мәжілісінде қарап оның төрағасы бекітеді.

5.4. Шақырылған, жұмысқа тартылған білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 2.02.93 жылғы N 60 бұйрығының (кейінгі толықтырулар және өзгертулерімен) 22 қосымшасының үшінші қатарында көрсетілген, қызметкерлерге сағаттық ақы төлеу мөлшері (ставкалары) пайдаланылады.

Жоғары білім бас басқармасы

Б і л і м м и н и с т р л і г і н і ң
22.12.93 ж . N 505 б ұ й р ы ғы на

N 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының
оқу-әдістемелік бірлестіктерінің
Тізімі**

NN ! Оқу-әдістемелік бірлестіктер мен олардың ! Базалық жоғары
! мамандықтары ! оқу орны

- | | | | |
|----|---|---------------------------|----------|
| 1. | Университеттердің мамандықтары (0101-0124) | жаратылыстану-ғылыми | ҚазМУ |
| 2. | Университеттердің (0201-0224) | гуманитарлық мамандықтары | ҚазМУ |
| 3. | Шетел тілдері (0220) | | ҚазМӘТУ |
| 4. | Педагогикалық (жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық) мамандықтар (0101, 0104, 0108, 0118, 0109, 0123, 0124, 0207, 0208, 0308, 0309, 0310, 0313) | | АлматыМУ |
| 5. | Қазақ тілі және әдебиеті, халықтарының тілдері мен әдібиеттері (0217, 0218, 0219, 0223) | Қазақстан Республикасы | АлматыМУ |
| 6. | Музыка педагогика және психология (мектепке дейінгі) (0305, 0307) | | ҚазқызПИ |
| 7. | Көркем сурет және сызу (0306) | | СемПИ |
| 8. | Аз комплекті мектептер үшін дайындау | | КостМУ |
| 9. | Еңбек. Кәсіби оқыту, арнайы және техникалық пәндер (0302, 0301) | | ШымкПИ |

10. Дене тәрбиесі (0303) ҚазДТИ
11. Медициналық мамандықтар (0401, 0407) АлматыМИ
12. Жалпыэкономикалық мамандықтар (0601, 0612) ҚазМБА
13. Инженерлік-экономикалық мамандық және
экологиялық білім (0701, 0716) ӨскЖҚИ
14. Тау-кен мамандықтары (0901-0905, 1701) ҚарПТИ
15. Геологиялық, мұнай және газ мамандықтары
(0801-0806, 0907-0910, 1702) ҚазПТИ
16. Энергетика және радиоэлектроника және
байланыс мамандықтары (1001-1010, 2301-2307,
1801-1806) АЭИ
17. Металлургия мамандықтары (1101-1110, 1703) ҚазПТИ
18. Машина жасау мамандықтары (1201-1206,
1704-1708) ҚарПТИ
19. Автоматика және есептеу техникасы мамандықтары
(2001-2006, 2101-2106, 2201-2206, 1901, 1907) ҚазПТИ
20. Автотрактор және жол машиналар жасау
мамандықтары (1501-1504, 2405) ААЖИ
21. Жол және көлікмамандықтары (1505, 1709, 1710
2401, 2404, 2910) ААЖИ
22. Сәулет мамандықтары (2901, 2902) ҚазмемСКА
23. Инженерлік-құрылыс мамандықтары (2903-2908,
2911-2913) ҚазмемСКА
24. Химия-технологиялық мамандықтары (1705,
2501-2513) ҚазХТИ
25. Азық-түлік тауарларының технологиясы
мамандықтары (2701-2712, 1603-1706) СемЕСӨТИ
26. Көпшілік қолданатын тауарлар технологиясы
мамандықтары (1707, 2801-2811) ЖамБАТЖӨИ
27. Агрономиялық және агроэкологиялық мамандықтар
(3101-3106) ҚазАШИ
28. Ауылшаруашылық-инженерлік мамандықтар
(3109-3114) ҚазАШИ
29. Зооветеринарлық мамандықтар (3107, 3108, 3116) АЗМИ
30. Көлік торабы мамандықтары (1709, 1710, 2401,
2909, 2911) АлКИИ

Жоғары білім Бас басқармасы

